

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
АКАДЕМИК Е.А.БӨКЕТОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ

«КЕЛІСІЛДІ»

«Saryarqa aqparat» медиахолдингінің бас директоры

 Әбілда Қ.Ж.

« 17 » 03 2023 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Облыстық «SARYARQA» телеканалының директоры

 Дюсетаяев Б.С.

« 17 » 03 2023 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қарағанды облысының «Атамекен»

Кәсіпкерлер Палатасының директоры

 Кульпейсов Е.Д.

« 17 » 03 2023 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Академик Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды университетінің

Басқарма Төрағасы - Ректоры

 Дулатбеков Н.О.

« 30 » 03 2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«6B03201 - Журналистика»

Деңгейі: Бакалавриат

Қарағанды – 2023

«Б03201 - Журналистика» білім беру бағдарламасы келесі нормативті құжаттар негізінде құрастырылған:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы.
3. 2018 жылғы 31 тамыздағы № 604 Жоғары білімнің мемлекеттік жалпы міндетті стандарты Заңы.
4. Әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу жөніндегі Республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы Ұлттық біліктілік шеңбері.
5. ҚР БҒМ «Кредиттік жүйе бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы» 2018 жылғы 2 ақпандағы №152 бұйрығымен (12.10.2018 ж. № 563 өзгертулер мен толықтырулармен).
6. 2018 жылғы 13 қазандағы №569 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы.

№	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	4
2	Білім беру саласының классификациясы және коды	4
3	Білім беру бағдарламасының тобы	4
4	Кредит саны	4
5	Оқыту түрі	4
6	Оқыту тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі	4
9	БХСЖ деңгейі	4
10	ҰБШ деңгейі	4
11	СБШ деңгейі	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі	4
	Серіктес-ЖОО (СОП)	4
	Серіктес-ЖОО (ДДОП)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның №	4
14	Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімі	4
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	4
16	Бітірушінің біліктілік сипаттамасы	4
а)	Бітіруші лауазымдардың тізімі	4
б)	Бітірушінің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері	4
в)	Бітірушінің кәсіби іс-әрекетінің түрлері	4
г)	Бітірушінің кәсіби қызметінің функциялары	4
17	Құзыреттілік негізінде оқу нәтижелерін тұжырымдау	5
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндердің модульдерін анықтау	7
19	Оқыту нәтижелерінің қол жеткізу матрицасы	9
20	Жоспарланған оқыту нәтижелерін модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен сәйкестендіру	20
21	Сертификаттау бағдарламасы (minog)	21
22	Оқыту нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	22
23	Түлек моделі	24

№	Білім беру бағдарламасының толықжаты	Бет
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы – «6B03201 - Журналистика»	4
2	Білім беру саласының классификациясы және коды: 6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	4
3	Білім беру бағдарламасының тобы: B042 Журналистика және репортер ісі	4
4	Кредит саны: 240 ECTS.	4
5	Оқыту түрі: күндізгі.	4
6	Оқыту тілі: қазақ тілі	4
7	Берілетін академиялық дәреже: 6B03201 – «Журналистика» білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалавры	4
8	Білім беру бағдарламасының түрі: қолданыстағы.	4
9	БХСЖ деңгейі: 6 деңгей	4
10	ҰБШ деңгейі: 6 деңгей	4
11	СБШ деңгейі: 6 деңгей	4
12	Білім беру бағдарламасының ерекшелігі: жоқ	4
	Серіктес-ЖОО (СОП)	4
	Серіктес-ЖОО (ДДОП)	4
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның № KZ83LAA000184935 (016) 2020 жылғы 28 шілдедегі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім саласындағы бақылау комитеті берген лицензия.	4
14	Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеу мерзімі: НАОКО агенттігінің SA-A № 0168/2 мамандандырылған аккредиттеу туралы куәлігі 10.06.2020 - 07.06.2024 ж.	4
15	Қазіргі заманғы кәсіби стандарттарға сәйкес тәжірибелі журналистерді даярлау, журналистика саласында кәсіби құзыреттер алу үшін жағдай жасау.	4
16	Бітірушінің біліктілік сипаттамасы: Мамандық бойынша түлек газеттерде, журналдарда, ақпараттық агенттіктерде, теледидар мен радиода, желілік БАҚ-та, ақпараттық-жарнамалық қызметтерде жұмыс істеуге дайын.	4
а)	Бітіруші лауазымдардың тізімі: журналист; тілші; репортер; баспасөз хатшысы; спичрайтер; веб-редактор; оператор; продюсер; режиссер; саяси шолушы.	4
б)	Бітірушінің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері: Коммерциялық және қоғамдық бағыттағы Медиа-коммуникациялық және зерттеу құрылымдары; қоғам өмірінің барлық салалары: қоғамның экономикалық, саяси, ұйымдастырушылық және әлеуметтік өмірінің процестері	4
в)	Бітірушінің кәсіби іс-әрекетінің түрлері: - ақпараттық-шығармашылық; ақпараттық - референттік; - ақпараттық – талдамалық; көркем – публицистикалық; ұйымдастырушылық – басқарушылық; консультациялық-сараптамалық; тергеу.	4
г)	Бітірушінің кәсіби қызметінің функциялары: Бұқаралық коммуникация саласындағы мамандар әлеуметтік мәселелерді зерттейді, медиа-конвергенция жағдайында стратегия мен тактиканы дамытады, жаңа коммуникациялық технологияларды игереді, қоғамның саяси мәдениеті туралы түсінікке ие, ақпараттық материалдарды құруға қатысады, этикалық нормаларды сақтай отырып, өз материалдарын жасайды.	4
17	Құзыреттілік негізінде оқу нәтижелерін тұжырымдау	5
18	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндердің модульдерін анықтау	7
19	Оқыту нәтижелерінің қол жеткізу матрицасы	9
20	Жоспарланған оқыту нәтижелерін модуль шеңберінде оқыту және бағалау әдістерімен сәйкестендіру	20
21	Сертификаттау бағдарламасы (minor)	21
22	Оқыту нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	22
23	Түлек моделі	24

Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзырлылықтар түрі	Оқыту нәтижелері коды	Оқыту нәтижелері (Блум таксаномиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал етеді, қолданбалы экономикалық, заң, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, жаратылыстану-ғылыми пәндерінен білімдерін көрсетеді. Білімін жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік шарттары саласында тараптардың құқықтық мүдделеріне қолданады.
	ОН 2	Журналистиканың ғылым ретінде дамуы мен қалыптасуының негізгі кезеңдері туралы білімін, сондай-ақ журналистік қызметті жүзеге асыруда бұқаралық коммуникация құралдарының қызметі мен мақсатын пайдалана алады.
	ОН 3	Моральдық таңдаудың нақты міндеттерін шешуге, жанжал жағдайына этикалық талдау жасай алатын бұқаралық коммуникация және жұртшылықпен байланысты дамудың тарихи, сондай-ақ қазіргі заман үдерісінің заңдылықтары мен кезеңдері туралы білімді меңгереді.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills):	ОН 4	Телерадиожурналистика жанрлары және теледидар мен радио түрлерін, оларды қазіргі БАҚ жүйесінде анықтай отырып, журналистік материалдарды жинау, сақтау және қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады, жұмыс барысын әрі қарай айқындай келе, сценарий әзірлеудің мақсатын қалыптастырады.
	ОН 5	Әр түрлі жанрдағы көркем және деректі телевизиялық бағдарламаларды құрастыруды жүзеге асыра отырып, микрофон, магнитофон, диктофон, телекамерамен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді.
	ОН 6	БАҚ үшін әлеуметтік тақырыптарға журналистік мәтіннің негізгі заңдылықтары мен жасау тәсілдері туралы, болып жатқан өзгерістерді және аса өзекті экономикалық және әлеуметтік мәселелерді түсіндіреді.
	ОН 7	Әртүрлі стиль мен жанрлардың мәтіндерін редакциялау әдістемесін қолдана отырып, қазіргі заманғы техникалық база мен жаңа сандық технологияларды БАҚ-тағы дизайн мен инфографика үрдістерінде пайдаланады.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 8	Қазіргі заманғы техникалық базаны және жаңа сандық баспа, теледидар, радиохабар, Интернет-БАҚ, мобильді медиа технологияларын пайдалана отырып, ақпаратты алудың, сақтаудың және өңдеудің негізгі әдіс-тәсілі мен құралдарын меңгере алады.
	ОН 9	Әфирлік өнімде бейнелеу-мәнерлі құралдарының болуын және оларды барабар пайдалануды функционалдық маңыздылығы мен тиімділігі тұрғысынан талдай алады.
	ОН 10	Журналистік мамандықтың әлеуметтік, ақпараттық, шығармашылық, оның базальқ сипаттамалары, журналистің әлеуметтік рөлі, кәсіби қызметтерді жауапты орындау үшін қажетті жеке тұлғаның қасиеттері ретіндегі мәнін түсінеді.
	ОН 11	Тиімді тілдік қарым-қатынас тәсілі және сөйлеу техникасын меңгереді, заманауи медиадискурстың аргументативті және манипуляциялық тәсілдерін анықтай отырып, әртүрлі медиажанрда өз медиатекстерін құрады, жазбаша және ауызша сөйлеу нормаларын игеруді үйренеді.
	ОН 12	Өз жарияланымдары үшін өзекті тақырыптар ұсынады, БАҚ түрі, қабылданған норма, формат, стандарт, стильдерді және технологиялық талаптарды ескере отырып, қажетті материалдарды зерделейді, барабар тілдік және басқа да бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, журналистік мәтіндерді әр жанрда әзірлей алады.
	ОН 13	Оқиғалар мен талдау материалдарын, оның ішінде спорттық бағыттағы материалдарды дайындау кезінде халықаралық журналистердің қолданатын негізгі ақпарат көздері мен маңызды ақпараттық критерийлерді анықтайды.
	ОН 14	Медианың саяси процестерге әсер етуі тиімділігін бағалайды, өзекті саяси мәселелерге және саяси журналистің қазіргі практикасына бағдарлануға, Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мәселелерді шешеді.

	ОН 15	Ақпараттық ортада, журналистік қызметтің құқықтық және этикалық негіздерінде, журналистік материалдарды дайындайды. Ақпараттық-насихаттау қызметінің дағдыларына ие болып және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтай отырып, бағдарланады.
--	--------------	--

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модульдің атауы	Пәндер атауы	(ECTS) Көлемі	
ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың дүниетанымдық негіздері	Қазақстан тарихы (МЕ)	5	
ОН 1		Философия	5	
ОН 1		Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері Қолданбалы бизнес Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері Ғылыми зерттеу негіздері		5
ОН 1				
ОН 1				
ОН 1				
ОН 1	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі	Саясаттану, Әлеуметтану	4	
		Мәдениеттану, Психология	4	
ОН 2	Ақпараттық-коммуникативтік	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	
ОН 2		Шетел тілі	10	
ОН 2		Орыс тілі	10	
ОН 2		Дене шынықтыру	8	
ОН 3		Негізгі оқыту	Қазақ журналистикасының тарихы	5
ОН 3	Журналистикаға кіріспе		5	
ОН 3	Журналистің сөйлеу әдебі		5	
ОН 4	Онлайн журналистика		6	
ОН 4	Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі		5	
ОН 4	Телерадиожурналистика		7	
ОН 4	Сұхбат алу технологиясы		6	
ОН 2, 3, 4	Стилистика және редакциялау		5	
ОН 4,5,6	Оқу		1	
ОН 5	Бұқаралық коммуникациядағы қазіргі технологиялар		Копирайтинг негіздері	6
ОН 5		Корпоративтік журналистика		
ОН 5		Публицистикалық мәтінді корректорлау	6	
ОН 5		Компьютерлік бейнемонтаж		
ОН 5		Операторлық шеберлік және бейнемонтаж өнері	4	
ОН 6		Телебағдарлама дайындау негіздері		
ОН 6		Балаларға арналған журналистика	4	
ОН 6	Шетел журналистикасы			
ОН 7	Журналистік зерттеу	6		
ОН 7	Қазіргі заманғы баспасөз қызметі			

ОН 7		Экологиялық журналистика	5	
ОН 4,5,6		Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әлеуметтік мәселелер Өндірістік	4	
ОН 3	БАҚ-тағы шығармашылық мамандықтар	Е.А.Букетов публицистикасы	5	
ОН 6		Архив ісі	5	
ОН 7		Сөйлеу техникасы Тележүргізушінің сөйлеу өнерінің шеберлігі	4	
ОН 8		Телевизия мен радиодағы шығармашылық мамандықтар Медиа және ақпараттық сауаттылық	6	
ОН 8		Ғылыми-танымдық журналистика Іскерлік журналистика	5	
ОН 9		Конвергенттік медиа Өңірлік бұқаралық коммуникация құралдары	5	
ОН 6,7,8,9,10		Қазіргі форматты радиобағдарламалар Сараптамалық журналистика ерекшеліктері	20	
ОН 10		Журналистік шығармашылық технологиясы	Өндірістік	4
ОН 11			Спорт журналистикасы Жастар журналистикасы	4
ОН 12			Дизайн және басылымдарды безендіру Теледидар, радиодағы ойын-сауық бағдарламалары	5
ОН 13	Орфография мен пунктуация мәселелері Тіл мәдениеті		4	
ОН 13	Цифрлы журналистика Ақпарат жинау әдістері		3	
ОН 14	Дипломалды		5	
ОН 14	Әлеуметтік өмірдің саяси өлшемі (MINOR)	Саяси журналистика БАҚ және саясат	5	
ОН 15		Саяси көшбасшылық Журналистиканың құқықтық негіздері	6	
ОН 15		Кибер журналистика Саяси медиация	5	
ОН 15		Бала құқығы және журналистика Саяси сана және саяси мінез-құлық	8	
ОН 3,5,6,7,8,9,11	Қорытынды аттестаттау	Қорытынды аттестаттау	8	

Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кре дитт ер сан ы	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)														
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11	ОН12	ОН13	ОН14	ОН15
Жалпы білім беретін пәндер циклі (бакалавриат үшін) Таңдау бойынша компонент																		
Ғылым и зерттеу негізде рі D1	Қазақстан тарихы (МЕ)	Адамзаттың тарихи даму заңдылықтарына сәйкес Қазақстан тарихы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазақстан аумағында ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін орын алған тарихи заңдар мен заңдылықтарды анықтайтын тарихи оқиғалар, фактілер, процестер туралы біртұтас көзқарас қалыптастыру сұрақтары қарастырылады.	5	+	+													
	Философия	Табиғатты, қоғамды және ойлауды дамытудың барынша жалпы заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Шындық (болмыс), адамның болмысы, адамның және оның айналасындағы әлемнің қарым-қатынасы, адамның танымы, әлем мен қоғамның эволюциясы, адам өмірінің материалдық және рухани құрамдас бөліктері туралы мәселелер қарастырылады.	5	+	+													
	Қолданбалы бизнес	Пән идеяларды генерациялаудан, құнды ұсыныстарды құрастырудан, нарықты зерттеуден, тұтынушыны, ресурстарды анықтаудан бастап, дайын стартап жобаның тұсаукесеріне дейін жеке бизнесті құру мен жүргізудің экономикалық негіздері саласында білімді қалыптастыру, сондай-ақ бизнес теориясы мен практикасын зерделеу негізінде тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5	+	+													
	Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері	Пән білім алушылардың құқықтық тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет және құқықтық сана бойынша білімі мен дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс Қазіргі заманғы құқықтың негізгі салаларын оқуға, ҚР заңнамасын түсінуге, сыбайлас жемқорлық құбылыстарын сыни талдауға және осы құбылысқа қатысты өзінің азаматтық ұстанымын әзірлеуге арналған.	5	+	+													
	Экология және тіршілік қауіпсіздік негіздері	Қоғам мен табиғатты дамытудың негіздері туралы білім мен идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың	5			+												

		теориялық заңдары мен заманауи тәсілдері қарастырылады. Курс төтенше жағдайлардағы мінез-құлық ережелерін зерттеуге, антропогендік әрекеттің жағымсыз әсерлерінің дамуын болжауға арналған.																
	Ғылыми зерттеу негіздері	Ғылыми-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту және студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге дайындығы мақсатында зерттеледі. Курс шеңберінде қоғамдық қатынастар жүйесіндегі ғылымның орны, ғылыми танымның әдістері мен деңгейлері, ғылыми зерттеуді іске асырудың негізгі кезеңдері қарастырылады.	5	+														
	Саясаттану, Әлеуметтану	Біртұтас қоғамдық құбылыс ретіндегі саясат, әлеуметтік қауымдастықтардың мәні туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Саяси биліктің дамуы мен қызмет ету заңдылықтары, қауымдастықтар мен жеке тұлғаның өзара әрекеттесу механизмдері ретіндегі әлеуметтік процестер, мемлекет пен қоғамда билікті іске асыру және бөлу механизмі қарастырылады.	4	+	+													
	Мәдениеттану, Психология	Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның, коммуникацияның орны, міндеттері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Психологиялық факторлар және денсаулыққа психологиялық ықпал етудің мәні; мәдениеттің түсінігі, мәні, қызметі, заманауи түсіндіруге қатысты көзқарастардың алуан түрлілігінің тарихы туралы сұрақтар қарастырылады.	4	+	+													
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Ақпаратты, әртүрлі операциялық жүйелердің ерекшеліктерін іздеу және талдау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Компьютерлердің архитектурасы; электрондық кестелермен, мәліметтер базасымен жұмыс; ақпаратты қорғау әдістері мен құралдары; қарапайым веб-сайттар, мультимедиялық презентациялар құру; ақпараттық ресурстарды, Интернет және оның қызметтерін пайдалану сұрақтары қарастырылады.	5	+	+													
	Шетел тілі	Шет тілдік білім беру процесінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзыреттілік дағдыларын қалыптастыру мақсатында жеткілікті деңгейде (A2, жалпыеуропалық құзыреттілік) және базалық жеткіліктілік деңгейінде (B1, жалпыеуропалық құзыреттілік); оқытылатын тілдер мен іскерлік сөйлеудің тілдік құралдарын қолдана отырып, өз ұстанымын тұжырымдау және дәлелді айту мақсатында оқытылады	10	+	+													
	Орыс тілі	A2, B1, B2, C1 біліктілік деңгейіне сәйкес сөйлеу әрекетінің төрт түрі (оқу, сөйлеу, тыңдау, жазу)	10	+	+													

		бойынша қазақ (орыс) тілін практикалық меңгеру дағдыларын қалыптастыру; контекст бойынша сөздердің мағынасын қабылдау; монологтың/диалогтың өзіндік нұсқасын құру, хабарлама жазу және т.б. білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады																			
	Дене шынықтыру	Кәсіби қызметке дайындалу үшін денсаулықты сақтауды, нығайтуды қамтамасыз ететін дене шынықтыру құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеті мен дағдыларын қалыптастыру; болашақ еңбек қызметіндегі физикалық жүктемені, жүйке-психикалық стрессті және қолайсыз факторларды күш-жігермен енсеруге қабілеттілігін қалыптастыру мақсатында оқытылады.	8		+	+															
Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті																					
D2	Қазақ журналистикасының тарихы	Қазақ журналистикасының дамуындағы тарихи кезең туралы түсінікті, қазақстандық журналистердің мәтінін талдау дағдысын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазақстандық БАҚ-та болып жатқан үдеріс, қазіргі кезеңдегі медиа нарықтың қалыптасуы мен дамуы қарастырылады. Курс Қазақстанда осы уақыт аралығында шыққан ең елеулі мерзімді басылымды зерттеуге арналған.	5		+																
D3	Журналистикаға кіріспе	Пән жанрлық форма, газет, интернет-жарияланым, телерадио бағдарламасының ресми және мазмұндық ерекшелігі туралы идея қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мәтінталдау дағдысы, журналистика жанрының функционалды мақсаты, жанр тобы және олардың стилистикалық ерекшелігі туралы мәселе қарастырылады. Курс журналистиканың функционалды құрамдас бөлігі болып табылатын негізін оқуға арналған.	5		+																
D4	Журналистің кәсіби этикасы	Пән кәсіби этика идеясын қалыптастыру, еңбекті моральдық реттеу мен өзін-өзі реттеудің өзекті мәселесі, қазіргі журналистік менталитет пен этностың ерекшелігі, этикалық кодекс негізінде оқытылады. Журналист жұмысындағы этикалық кодексті, моральдық-адамгершілік негізін зерттеу мәселесі қарастырылады. Курс журналистің кәсіби этикасы, медиасауаттылық және құқықтық журналистика негізін оқытуға арналған.	5			+															
D5	Журналистің сөйлеу әдебі	Пән – сөйлеу этикетін, сөйлеу мәдениетін және оның негізгі құрылымдық бөлімін оқытудың коммуникативті бағытталған курс. Болашақ журналистің сөйлеу мінез-құлқының	5		+		+														

		коммуникативті-прагматикалық аспектісі қарастырылады, онда кәсіби қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени компоненті бірінші орынға қойылады. Қарым-қатынастың ең жақсы нұсқасын таңдау арқылы сөйлеу оқиғасын түзету мүмкіндігін игереді.																		
D6	Онлайн журналистика	Пән онлайн-журналистиканың жанрлық форма жүйесі, интернет-жарияланымның ерекшелігі, БАҚ-тың онлайн мәтінін талдау дағдысы туралы білімін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Интернет-журналистиканың жанрлық ерекшелігі, дәстүрлі және жаңа журналистиканың айырмашылығы туралы мәселе қарастырылады. Курс онлайн журналистиканың негізін, интернет БАҚ-пен жұмыс істей білуді үйренуге арналған.	6			+														
D7	Қазіргі журналистиканың жанрлық түрлері мен қызметі	Пән журналистиканың жанрлық форма жүйесі туралы, жанрды қолдану ерекшелігі, мәтінді талдау дағдысы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әр топтағы жекелеген БАҚ-тың жанрлық жүйесінің мәселесі қарастырылады. Курс БАҚ жанрының әр тобын, тіл мен стильдің ерекшелігін, мәтіннің жанрлық бояуын зерттеуге арналған.	5				+													
D8	Телерадиожурналистика	Телерадиожурналистиканың жанрлық нысаны жүйесі туралы, жанрды пайдалану ерекшелігі туралы, БАҚ мәтінін оларды ТВ және РВ-ға беру тұрғысынан талдау дағдысы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында оқытылады. Журналист жұмысындағы жанрлық жүйе, техникалық құрал мәселесі қарастырылады. Курс хабар жасаудағы шығармашылық үдеріспен танысуға арналған.	7				+													
D9	Сұхбат алу технологиясы	Пән студенттерге сұхбат құруды қамтамасыз ететін қажетті коммуникативті және сөйлеу дағдысын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Пәннің мазмұны мына мәселені қамтиды: оқыту әдістемесімен дайындалатын сұхбат технологиясы, түрлері және моделі, жүргізу стилі, сұхбат берудің этикалық мәселесі. Пән студенттерге сұхбаттың психологиялық аспектісін түсінуге көмектеседі.	6				+													
D10	Стилистика және редакциялау	Мәтінді редакциялау саласында білім алушының білім алғышарты туралы түсінігін меңгерту мақсатында оқытылады. Курс стилистиканың нысаны мен пәнін, оның құрылымдық бөлімін, тілдің функционалды стилінің жүйесін, түрлі тілдік деңгейдегі стилистикалық ресурсты зерттеуге және оларды кәсіби қызметте қолдануға арналған.	5				+													
Негізгі пәндер циклі																				

		жалпы әлемдік журналистика туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ішкі және сыртқы саясат, шетелдік БАҚ-тың қалыптасу тарихы сияқты мәселе қарастырылады. Курс әлемдік ақпараттық кеңістік жүйесін зерттеуге арналған.																	
	Балаларға арналған журналистика	Пән балалар журналистикасы, балаларға арналған БАҚ-ты құрудағы ақындар мен прозаиктердің рөлі туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазіргі теледидар мен интернет кеңістігінің әсер ету әдісі мен тәсілі, теледидар мен интернеттің бала мен жасөспірімнің санасына теріс әсер ету себебі мен салдары сияқты мәселе қарастырылады.			+														
D15	Журналистік зерттеу	Пән журналистиканың бір түрі (ақпаратты жинау және түсіндіру қызметі ретінде) журналистік зерттеу жүргізу туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады, ол әдетте, қылмысқа, саяси жанжалға, белгілі бір ұйым мен адамдардың қызметіне арналған жарияланым тақырыбын жүйелі және ұзақ мерзімді зерттеуді сипаттайды. Курс көптеген дереккөзпен жұмыс істеуге, мұқият талдауға, салыстыруға, қарама-қайшылықты іздеуге негізделген журналистің ақпарат жинау әдістерін зерттеуге арналған.	6																
	Қазіргі заманғы баспасөз қызметі	Пән баспасөз қызметінің ақпараттық-талдау жұмысын ұйымдастыру тәртібі, жұмыс ерекшелігіне байланысты мәселені білу мақсатында оқытылады. Ресмисайт жүргізу және әлеуметтік желіде жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруды үйретеді. Мемлекеттік қызмет имиджін құру және ілгерілету технологиясы ретінде, қоғамдық пікір қалыптастыру технологиясы ретінде кәсіби қызметтің қалыптасуына ықпал етеді.																	
D16	Экологиялық журналистика	Курс студенттердің қазіргі әлемдегі экологиялық журналистиканың қалыптасуы мен дамуы туралы теориялық білімі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған. "Қоғам-табиғат" жүйесіндегі саяси және әлеуметтік-экономикалық қатынасты қалыптастыру мен қолдаудағы БАҚ рөлі туралы мәселе қарастырылады.	5																
	Бұқаралық ақпарат құралдарындағы әлеуметтік мәселелер	Пәннен әлеуметтік мәселе туралы идея қалыптастыру, әлеуметтік мәселені жариялау үшін БАҚ мәтінін талдау дағдысын үйренеді. БАҚ-тағы әлеуметтік мәселені талдау, оларды журналистің сауатты түсіндіруі мәселесі қарастырылады. Курс тілдің ерекшелігін және әлеуметтік ақырыптағы материал құрамын зерттеуге арналған.																	
D17	Е.А.Бөкетов	Пән отандық журналистиканың қазіргі жағдайы,	5																

	публицистикасы	сондай-ақ оның проблемасы мен даму ерекшелігі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Академик Е.А.Бөкетов шығармашылығының материалында публицистикалық шығармалардың жанрлық өзгешелігі қарастырылады. Курс белгілі отандық публицистердің шығармашылығымен танысуға арналған, авторлық ұстанымы, жанрлық шешімі қарастырылады.																			
	Архив ісі	Пән мұрағат ісі және оның тарихы туралы теориялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, ұйым мен азаматтардың мұрағат қорының құжатын және материалдық тасымалдаушы болып табылатын басқа да мұрағат құжатын ұйымдастыру, сақтау, жинақтау, есепке алу және пайдалану саласындағы қызметін зерделеуге арналған.																			+
D18	Сөйлеу техникасы	Пән болашақ медиамамандарға дауыс туарлы мәліметті дамытуға көмектеседі. Ауызша көпшілік алдында сөйлеу өнерін мінсіз меңгеру дағдысын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс сөйлеу аппараты, фонациялық тыныс, сөйлеудің ерекшелігі мен әуені жайлы қажетті ақпарат береді, болашақ журналистерді сөйлеу әрекетіне дайындауға көмектеседі.	5																		+
	Тележүргізушінің сөйлеу өнерінің шеберлігі	Курс студенттердің теледидарда жүргізуші жұмысының қағидаты мен әдістемесі туралы білім жүйесін қалыптастыруға, теледидарлық бағдарламаны жүргізу дағдысы мен меңгеруін дамытуға арналған. Ақпаратты іздеу, кәсіби құзыреттілікке ие болу, дәлелдеу механизмі, ауызша көпшілік алдында сөйлеу сәттілігі үшін дәлелдеу және жалпылау мәселесі қарастырылады.																			+
D19	Телевизия мен радиоағы шығармашылық мамандықтар	Белгілі бір мамандыққа қойылатын біліктілік талабы туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Электрондық БАҚ-та әртүрлі мамандықтың ерекшелігі қарастырылады. Курс радио мен теледидардағы шығармашылық қызметкердің әр функционалды компонентін, белгілі бір мәтінді жасаудағы ролін зерттеуге арналған.	4																		+
	Медиа және ақпараттық сауаттылық	Пән медиа сауаттылық туралы білімді қалыптастыру мақсатында, яғни медиа, жанр мен форманың сан алуан түрінде хабарламаны талдауға, бағалауға және құруға мүмкіндік беретін дағды мен білу																			+

		жиынтығы оқытылады. Курс әлеуетті манипуляцияны жақсы түсінуге көмектесетін медиа тұтынуды белсенді үдеріске айналдыру үдерісін зерттеуге арналған.																						
D 20	Ғылыми-танымдық журналистика	Пән білім алушылардың медиакөңістікте дербес кәсіби-адамгершілік бағдарлану қабілетін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Курс студенттерді әлемдік ғылыми-танымдық журналистиканың пайда болу және даму тарихымен таныстыруға, материалды дайындауды жетілдіру мақсатында жанр мен форманы толығырақ зерттеуге бағытталған.	6																	+				
	Іскерлік журналистика	Пән іскери журналистиканы кәсіби жанр туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Онда журналистер қаржы мен бизнеске қатысты ақпаратты бақылайды, жинайды, жазады және талдайды. Курс ақпараттық өріс құру мақсатында кәсіпкерліктің ақпараттық қажеттілігін қамтамасыз етуші бизнес-журналистердің жұмысын зерттеуге арналған.																			+			
D21	Конвергенттік медиа	Пән медиаконвергенция үдерісі туралы жүйелі түсінікті қалыптастыру мақсатында оқытылады, оларды мультимедиялық және кроссмедиялық контент өндірісіне көшу жағдайында редакцияның ұйымдастырушылық моделімен таныстырады. Курс конвергентті БАҚ редакциясының құрылғысын, журналистік мазмұнның мультимедиялық түріне көшудегі қиындық туралы зерттеуге арналған.	5								+													
	Өңірлік бұқаралық коммуникация құралдары	Пән аймақтағы бұқаралық ақпарат құралының жұмысы туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Өңірлік бұқаралық коммуникация құралы жүйесінің қазіргі жай-күйі сияқты мәселе қаралады. Курс конвергентті БАҚ ерекшелігін, олардың негізгі типологиялық ерекшелігін: мақсатты жұмсалудың, аудиториясын, жанрлық ерекшелігін зерттеуге арналған.									+													
D22	Қазіргі форматты радиохабарлар	Пән заманауи радиостанцияның жұмысы туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Радио редакциясының қазіргі жағдайы, оларды жабдықтау және техникамен жұмыс істеу сияқты мәселе қарастырылады: микрофон, микшер пульты, құлаққап, компьютерлік бағдарлама. Курс тікелей эфирде хабар тарату, радио бағдарлама жазу дағдысын игеруге арналған.	5																		+			
	Сараптамалық журналистика ерекшеліктері	Пән аналитикалық журналистиканың ерекшелігі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады, ол белгілі аналитикалық қағидаттың																			+			

		міндетті түрде болуын, құзыреттіліктің кейде ғылыми процесі ақпараттандырудағы, фактіні анықтаудағы басымдылығын білдіреді. Курс хат-хабар мен мақала, шолу, сын-пікір жанрын зерттеуге арналған.																	
D23	Спорт журналистикасы	Пән білім алушылардың өзіндік кәсіби-адамгершілік бағдарлану қабілетін қалыптастыру және дамыту мақсатында оқытылады. Курс спорт журналистикасының тарихы және спорт әлеміндегі өзекті мәселемен танысуға арналған. Спорттық БАҚ-ты дамыту мәселесі қарастырылады, сондай-ақ барлық спорт басылымына жан-жақты сипаттама беріледі.	4																
	Жастар журналистикасы	Пән жастар бұқаралық ақпарат құралының жұмысы туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Жастар саясаты, жастар ұйымы мен қауымдастығы, жастар арнасының бағыты мен форматы сияқты мәселе қарастырылады. Курс қазіргі қоғамдағы жастар медиасының әлеуметтік-мәдени қызметін зерттеуге және түсінуге арналған.																	
D24	Дизайн және басылымдарды безендіру	Пән бұқаралық ақпарат құралында дизайнер мен беттеушілердің жұмысы туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Дизайн өнері, баспа және электронды БАҚ дизайны, басылымның "бет-бейнесін" құрайтын композициялық және графикалық сипаттамасы сияқты мәселе қарастырылады. Курс газет, журнал мен сайтты жобалау дағдысын игеруге арналған.	4																
	Теледидар, радиоағы ойын-сауық бағдарламалары	Пән бұқаралық коммуникация жүйесіндегі теледидар мен радиохабардың ролі туралы білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Теледидар мен радионың әлеуметтік қызметі, теледидар мен радиода жүргізуші бейнесін жасаудың негізгі компоненті, теледидар мен радио бағдарлама дайындау сияқты мәселе қарастырылады. Курс теле және радиожурналистің жұмысын зерттеуге арналған.																	
D25	Орфография мен пунктуация мәселелері	Пән қазіргі заманның орфографиялық және пунктуациялық жүйесіндегі ең белсенді аймақты анықтау мақсатында оқытылады. Курс орфографияны тілдің лексика, фонетика, грамматика және сөзжасам жүйесімен байланысты сала ретінде танысуға арналған. Тыныс белгісін қою, сөздікпен және басқа да анықтамалық әдебиетпен жұмыс істей білу	5																

		мәселесі қарастырылады.																				
	Тіл мәдениеті	Курста сөйлеу мәдениеті коммуникативтік мәдениеттің базалық компоненті екені, норма түсінігі және түрлері мен тілдік нормадан ауытқу жолдары, оның себептері қарастырылады. Студенттер нормалар типологиясын, белгілерін, әдеби тіл нормаларының қалыптасуын меңгереді, сондай-ақ тілдік бірліктер мен бейвербалды құралдардың коммуникативтік жағдаятқа сәйкес дұрыстығын, әсерлілігін, орындылығын айқындайды.																				
D26	Цифрлы журналистика	Пән цифрлық журналистика саласын дамытуда кәсіби білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Конвергентті редакция, әмбебап журналист, интернет кеңістігіндегі құқықтық негіз бен этика мәселелері қарастырылады. Курс цифрлық медиа үшін сапалы мазмұнмен жұмыс істеуді үйренуге арналған.	4																			
	Ақпарат жинау тәсілдері	Курс статистикалық әдіснама туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады: курста жалпы принциптер, әдістер, жинау, өңдеу әдістері, статистикалық деректерді талдау дағдылары, аналитикалық есепті дайындау сұрақтары анықталады. Курс қажетгі ақпаратты жинау мен өңдеуді үйренуге, алынған мәліметтерге сәйкес тұжырымдарды ұсынуға арналған.																				
D27	Саяси журналистика	Пән қоғамның саяси жүйесі туралы білімін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Журналистің саяси мәдениеті, саяси журналистиканың нормативтік-құқықтық реттелуі, тақырыбы және мәселесі қарастырылады. Саяси журналистика мәтінін талдау әдісі болашақ журналистерге әртүрлі саяси күштің қоғамдық пікірге әсер ету дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді.	5																			
	БАҚ және саясат	Пән саяси журналистиканы дамытудың саяси факторлары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Билік пен мемлекеттің, саяси партиялардың және қоғамдық саяси сананың, жаһандық және саяси болжамның мәселелері және оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау қарастырылады.																				
D28	Саяси көшбасшылық	Пән саяси журналистиканың, саяси элитаның құрылымдық элементтері туралы білімін қалыптастыру мақсатында оқытылады, саяси оқиғаны жариялауға және саяси үдерісті талдауға мамандандырылған қоғам мен журналистердің саяси белсенді бөлігі туралы, яғни саяси процесті	5																			

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша жоспарланған оқыту нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын іске асыруға ықпал етеді, қолданбалы экономикалық, заң, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, жаратылыстану-ғылыми пәндерінен білімдерін көрсетеді. Білімін жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғауда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың экономикалық және әлеуметтік шарттары саласында тараптардың құқықтық мүдделеріне қолданады	интерактивті дәріс	тест
ОН 2	Журналистиканың ғылым ретінде дамуы мен қалыптасуының негізгі кезеңдері туралы білімін, сондай-ақ журналистік қызметті жүзеге асыруда бұқаралық коммуникация құралдарының қызметі мен мақсатын пайдалана алады.	кейс-әдістер	коллоквиум
ОН 3	Моральдық таңдаудың нақты міндеттерін шешуге, жанжал жағдаятына этикалық талдау жасай алатын бұқаралық коммуникация және жұртшылықпен байланысты дамудың тарихи, сондай-ақ қазіргі заман үдерісінің заңдылықтары мен кезеңдері туралы білімді меңгереді.	жобалық оқыту	презентациялар
ОН 4	Телерадиожурналистика жанрлары және теледидар мен радио түрлерін, оларды қазіргі БАҚ жүйесінде анықтай отырып, журналистік материалдарды жинау, сақтау және қайта өңдеу бойынша жұмыстарды жүзеге асырады, жұмыс барысын әрі қарай айқындай келе, сценарий әзірлеудің мақсатын қалыптастырады.	пікірталас	жобаны дайындау
ОН 5	Әр түрлі жанрдағы көркем және деректі телевизиялық бағдарламаларды құрастыруды жүзеге асыра отырып, микрофон, магнитофон, диктофон, телекамерамен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіреді.	өзгертілген сынып (Flipped Class)	эссе жазу
ОН 6	БАҚ үшін әлеуметтік тақырыптарға журналистік мәтіннің негізгі заңдылықтары мен жасау тәсілдері туралы, болып жатқан өзгерістерді және аса өзекті экономикалық және әлеуметтік мәселелерді түсіндіреді.	дөңгелек үстел	портфолио
ОН 7	Әртүрлі стиль мен жанрлардың мәтіндерін редакциялау әдістемесін қолдана отырып, қазіргі заманғы техникалық база мен жаңа сандық технологияларды БАҚ-тағы дизайн мен инфографика үрдістерінде пайдаланады.	интерактивті дәріс	аннотация жазу
ОН 8	Қазіргі заманғы техникалық базаны және жаңа сандық баспа, теледидар, радиохабар, Интернет-БАҚ, мобильді медиа технологияларын пайдалана отырып, ақпаратты алудың, сақтаудың және өңдеудің негізгі әдіс-тәсілі мен құралдарын меңгере алады.	викторина	глоссарий
ОН 9	Эфирлік өнімде бейнелеу-мәнерлі құралдарының болуын және оларды барабар пайдалануды функционалдық маңыздылығы мен тиімділігі тұрғысынан талдай алады.	экскурсия	баяндама
ОН 10	Журналистік мамандықтың әлеуметтік, ақпараттық, шығармашылық, оның базалық сипаттамалары, журналистің әлеуметтік рөлі, кәсіби қызметтерді жауапты орындау үшін қажетті жеке тұлғаның қасиеттері ретіндегі мәнін түсінеді.	дөңгелек үстел	портфолио
ОН 11	Тиімді тілдік қарым-қатынас тәсілі және сөйлеу техникасын меңгереді, заманауи медиадискурстың аргументативті және манипуляциялық тәсілдерін анықтай отырып, әртүрлі медиажанрда өз медиатекстерін құрады, жазбаша және ауызша сөйлеу нормаларын игеруді үйренеді.	телевизиялық бағдарлама	телебағдарламалар сценарийін жасау
ОН 12	Өз жарияланымдары үшін өзекті тақырыптар ұсынады, БАҚ түрі, қабылданған	экскурсия	баяндама

	норма, формат, стандарт, стильдерді және технологиялық талаптарды ескере отырып, қажетті материалдарды зерделейді, барабар тілдік және басқа да бейнелеу құралдарын пайдалана отырып, журналистік мәтіндерді әр жанрда әзірлей алады.		
ОН 13	Оқиғалар мен талдау материалдарын, оның ішінде спорттық бағыттағы материалдарды дайындау кезінде халықаралық журналистердің қолданатын негізгі ақпарат көздері мен маңызды ақпараттық критерийлерді анықтайды.	зердеге шабуыл	топтық жұмыс
ОН 14	Медианың саяси процестерге әсер етуі тиімділігін бағалайды, өзекті саяси мәселелерге және саяси журналистің қазіргі практикасына бағдарлануға, Қазақстандағы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мәселелерді шешеді	интерактивті дәріс	аннотация жазу
ОН 15	Ақпараттық ортада, журналистік қызметтің құқықтық және этикалық негіздерінде, журналистік материалдарды дайындайды. Ақпараттық-насихаттау қызметінің дағдыларына ие болып және ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі талаптарын сақтай отырып, бағдарланады.	викторина	тест

«Әлеуметтік өмірдің саяси өлшемі» сертификаттау бағдарламасы (minor)

Модульдің атауы	Семестр, пәндер						
	1	2	3	4	5	6	7
						Саяси журналистика Саяси көшбасшылық	Кибержурналистика Бала құқықтары және журналистика
						БАҚ және саясат Журналистиканың құқықтық негіздері	Саяси медиация Саяси сана және саяси мінез-құлық

Оқыту нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН коды	Критерийі
ОН 1	Қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарын жүзеге асыруға ықпал ететін қолданбалы экономикалық, құқықтық, жаратылыстану пәндері туралы біледі .
	Қоғам туралы, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау саласындағы тараптардың заңды мүдделері, кәсіпкерлікті жүргізудің экономикалық және әлеуметтік жағдайлары туралы білімдерін жүзеге асыра алады .
	Әлеуметтік, саяси, мәдени, психологиялық сфералардың біртұтас жүйелі бірлігі ретінде қоғам туралы, адам және оның топтық мінез-құлқы туралы білімдерін менгереді .
ОН 2	Бұқаралық ақпарат құралдарының журналистік қызметті жүзеге асырудағы қызметі мен мақсатын біледі .
	Әлеуметтік, этникалық, конфессиялық және мәдени айырмашылықтарды шыдамдылықпен қабылдай отырып, топта жұмыс істей алады .
	Журналистік материал жазудың дағдыларын менгереді .
ОН 3	Мәселені шешу үшін ақпаратты іздеудің міндеті мен ерекшеліктерін біледі .
	Әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларға негізделген пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпаратты жинап, түсіндіре алады
	Қойылған міндетті талдау және оны шешу үшін ақпаратты іздеуді жүзеге асыру дағдысын менгереді .
ОН 4	Журналистік материал жасау үшін сандық технологияны пайдаланудың ерекшелігін біледі .
	Дербес деректі пайдалануда қауіпсіздік шарасын және сандық ортада құпиялылықты сақтай алады .
	Алынған ақпараттың дұрыстығын тексеру дағдысын менгереді .
ОН 5	Ақпаратты алудың, сақтаудың және өндеудің негізгі әдіс-тәсілін және құралын біледі .
	Заманауи техникалық базаны және басып шығарудың, теледидардың, радиохабардың жаңа сандық технологиясын пайдалана алады .
	Adobe Premiere, Sound forge компьютерлік бағдарламаларын қолдану дағдысын менгереді .
ОН 6	Интернет-БАҚ-ты, мобильді медиа механизмін біледі .
	Түрлі-түсті және сандық теледидар жүйесін
	Мамандық аясында IT-технологияны, арнайы бағдарламаны, әсіресе компьютерлік желі мен деректер базасындағы жұмысты менгереді .
ОН 7	Сандық технологияның әсерінен журналист мамандығын трансформациялаудың ерекшелігін біледі
	Мемлекеттік, медициналық, қаржылық, логистикалық, ауыл шаруашылығы, коммуналдық және басқа да ұйымның технологиясы мен сандық сервисін пайдалана алады .
	Сандық медиа үшін сапалы контент жасау дағдысын менгереді .
ОН 8	БАҚ-тың негізгі қызметін; ақпаратты жинау әдісін, танымдық қызметін, мәтінді баяндау нысанын, халықаралық құқық негізін, түрлі БАҚ жұмысының тегігін біледі .
	БАҚ басылымын олардың жанрлық сипаты тұрғысынан материал жасап, оны өңдей алады. Заманауи техникалық базаны және баспаның, теледидар, радио хабарларын талдай алады .
	Интернет-БАҚ, мобильді медианың жаңа сандық технологиясын пайдалана отырып, ақпаратты алудың, сақтаудың және өндеудің негізгі әдіс-тәсілі мен құралын менгереді .
ОН 9	Бүгінде электронды БАҚ-та бар негізгі мамандықты, телерадиокомпанияның әртүрлі бөлімшесінде, хабар тарату құрылымында нақты жағдайдағы жұмыс ерекшелігін біледі .

	Эфирлік өнімді ондағы көрнекі-мәнерлі құралдың болуы және оларды қатар пайдалану, қызметтік маңыздылығы мен тиімділігі тұрғысынан талдай алады.
	Қазіргі заманғы БАҚ-та әлеуметтік мәселені шешу дағдысын меңгереді , баспа, электрондық БАҚ-та жұмыс істеу ерекшелігін түсінеді.
ОН 10	Журналистік мамандықтың мәнін әлеуметтік, ақпараттық, шығармашылық, оның негізгі сипаттамасы, журналистің әлеуметтік рөлі, кәсіби қызметті жауапкершілікпен орындау үшін қажетті жеке қасиет ретінде біледі.
	Конвергентті редакция үшін журналистік материал дайындай біледі.
	Журналистік мәтінде және немесе эфирлік өнімде редакциялық стандарттың, форматтың, жанрдың, стильдің сақталуын бақылау дағдысын меңгереді.
ОН 11	Медиажанр, заманауи медиадискурстың аргументативті және манипуляциялық тәсілі туралы біледі.
	Жазбаша және ауызша сөйлеу нормасын, тиімді сөйлеу өзара әрекеттесу әдісін және сөйлеу техникасын меңгере біледі , мамандану саласындағы жағдайға, әлеуметтік құбылысқа түсініктеме бере алады , кәсіби мәселе бойынша пікірталасқа қатысады.
	Әртүрлі стиль мен жанрдағы мәтінді редакциялау әдістемесін қолдана отырып, БАҚ-та заманауи техникалық базаны және заманауи сандық технологияны заманауи дизайн және инфографика үрдісінде пайдалана алады.
ОН 12	БАҚ түрі мен түрін, қабылданған норманы, форматты, стандартты, стильді және технологиялық талапты ескере отырып, өз жарияланымы үшін өзекті тақырыпты біледі.
	Тиісті тілдік және басқа да бейнелеу құралын қолдана алады , әртүрлі жанрдағы журналистік мәтінді дайындай алады.
	Баспа, теледидар, радиохабар тарату, Интернет-БАҚ, мобильді медианың жаңа сандық технологиясының негізгі базасын меңгереді.
ОН 13	Оқиға мен аналитикалық материалды, соның ішінде спорттық бағдарды дайындауда халықаралық журналистер қолданатын негізгі ақпарат көзі мен маңызды ақпараттық критерийді біледі.
	Білімді кәсіби деңгейде қолдана алады , аргумент пен жолдарды тұжырымдай отырып, зерттелетін саланың мәселесін шеше алады.
	Эфирлік өнімді онда бейнелеу-мәнерлі құралдың болуы және оларды барабар пайдалану, қызметтік маңыздылығы мен тиімділігі тұрғысынан пайдалану дағдысын меңгереді.
ОН 14	Медианың әлеуметтік-саяси трансформацияны дамытудағы рөліне; саясаттың коммуникативтік стилін қалыптастыру мен білдіруге, саяси процесс субъектісі арасында ақпарат алмасуды ұйымдастыруға БАҚ-тың қатысуына байланысты проблеманы біледі.
	Өзекті саяси проблема мен саяси журналистің қазіргі тәжірибесіне сүйене отырып, медианың саяси үдеріске әсерінің тиімділігін бағалай алады.
	Саяси үдерістегі, Қазақстандағы балалардың құқығын қорғау саласындағы мәселені талдау және шешу дағдысын меңгереді.
ОН 15	Саяси журналистика практикасының ерекшелігімен әлем елдерінің қазіргі саяси жүйесінің негізгі қағидатын біледі.
	Ақпараттық ортада журналистік қызметтің құқықтық және этикалық негізін бағдарлай алады.
	Медиалық өнімді талдау дағдысын меңгереді және олардағы негізгі қоғамдық-саяси идея мен дискурсты имплицитті анықтайды.

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

Түлектің атрибуттары (құзыреттілік және оқыту нәтижелері негізінде әзірленген):

Атрибуттар

Ұлттық саясат және бұқаралық коммуникация саласындағы жоғары кәсіпқойлық

Эмоционалды интеллект

Жаһандық сын-қатерлерге бейімделу

Көшбасшылық

Гуманитарлық ойлау мәдениеті

Жаһандық азаматтық

Академиялық адалдық принциптері мен мәдениетінің маңызын ұғыну

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	Қоғамның құқықтық және этикалық нормалары туралы білу; қоғам өмірінде баспасөздің қандай рөл атқаратынын түсіну, Талдамалық ойлау қабілеті болу; өмір бойы өз білімі мен дағдыларын жаңарту; журналистік үдерісте көзделген іс-әрекеттерді орындау; қызметті жүзеге асырудың неғұрлым ұтымды тәсілдері мен құралдарын таңдау; біліктілігі анағұрлым жоғары маманның басшылығымен жұмыстарды орындау; кең ой-өрісі болу, кәсіби құзыреттілігі мен эрудиция.
2. Сандық құзыреттер (Digital skills):	Журналистік материал жасау үшін цифрлық технологияларды пайдалану, дербес деректердің анонимділігіне және цифрлық ортадағы құпиялылыққа кепілдік беру; цифрлық ортадағы тәуекелдер мен қауіп-қатерлерді түсіну; деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы білу; заманауи техникалық базаны және баспасөздің, теледидардың, интернет-ресурстың, интернет-ресурстың, интернет-ресурстың, интернет-ресурстың жаңа цифрлық технологияларын пайдалана отырып, ақпаратты алу, сақтау және өңдеудің негізгі әдістерін, тәсілдері мен Интернет-БАҚ, мобильді медиа механизмдерін білу; мамандық аясында ІТ-технологияларды, арнайы бағдарламаларды қолдана білу; компьютерлік желілерде және деректер базасында жұмыс істеу ерекшеліктері

3. Кәсіби құзыреттер (Hardskills)	БАҚ-тың негізгі функцияларын білу; ақпаратты жинау әдістерін, танымдық қызметті, мәтінді баяндау нысандарын, халықаралық құқық негіздерін, тетіктерін білу түрлі БАҚ жұмыстары, заманауи БАҚ мәселелері, баспа, электрондық БАҚ-та жұмыс істеу ерекшеліктері, конвергентті редакция үшін журналистік материалды шығара білу; жағдайға түсінік бере білу, мамандану саласындағы қоғамдық құбылыс, кәсіби проблемалар бойынша пікірталастарға қатысу, аудиторияны журналистік процеске тарту қабілеті.
-----------------------------------	--

Құрастырғандар:

Жұмыс тобының мүшелері:

Журналистика каф. меңгерушісі:

Рамазанова Ж.С.

Аға оқытушы:

Еркин Ж.Ж.

3-курс студенті

Мадиярова Ж.

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралды 06.04.23 Хаттама № 9

Білім беру бағдарламасы академиялық кеңестің отырысында қаралды 28.04.23 Хаттама № 5.

Білім беру бағдарламасы университет басқармасының отырысында қаралып, бекітілді 30.05.23 хаттама № 12

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер бойынша проректор

Т.З.Жүсіпбек

Академиялық жұмыс департаментінің директоры м.а.

С.А.Смаилова

Факультет деканы

Е.Е.Түйте

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ
«6B03201 - Журналистика»

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны			1	1
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	2	2	2	2
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	2	2	2	2
1.4	Басқа	Адам саны				
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы	4	4	4	4
2.2	НААР	Позициясы	3	3	3	3
2.3	Атамекен	Позициясы	3	3	3	3
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық					

	ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны			1	1
3.2	Оқу құралдары	Саны	1		1	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны		1		
3.4	Электронды оқулық	Саны	1		1	1
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	1	1	1	1
3.6	Басқа	Саны				
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	1		1	1
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны				
4.3	Басқа	Саны				
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту					1
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*				1	1

5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу		+	+	+	+
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу					
5.5	Басқа					

Журналистика кафедрасының меңгерушісі



Рамазанова Ж.С.